

Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы  
МКҚК Сервис және жаңа технологиялар колледжі

Бекітемін:  
СжЖТК директоры  
\_\_\_\_\_ А.Н.Кдыргужина

Сервис және жаңа технологиялар колледжінің  
2021-2022оқу жылы бойынша  
оңдірістік оқу жұмысының есебі

Орал, 2022ж

## **Өндірістік оқыту бөлімінің 2021-2022 оқу жылындағы жұмысы бойынша есеп**

Болашақ мамандардың өндірістік практикасы студенттердің теориялық білімдерін өзектендірудің, олардың кәсіби біліктері мен дағдыларын қалыптастырудың, кәсіби-педагогикалық қасиеттері мен шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді құралы болып табылады.

2021-2022 оқу жылы ішінде колледж студенттерін өндірістік оқытудың мақсаты мен міндеттері жүзеге асырылды.

Өндірістік практика барлық мамандықтар бойынша практиканың барлық түрлерін реттейтін барлық нормативтік құжаттар мен жергілікті актілер негізінде ұйымдастырылады, орта кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша кәсіптік қызметтің барлық түрлерін студенттердің жан-жақты игеруі педагогикалық шеберліктің негізін құрайтын жалпы және кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға, сондай-ақ мамандық бойынша практикалық жұмыстың қажетті дағдылары мен тәжірибесін алуға ықпал етеді.

Барлық мамандықтар бойынша студенттердің кәсіптік практикасын ұйымдастыру МЖМБС талаптарына сәйкес оқу жылының басында бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылады және кадрларды даярлау мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Негізгі мақсаты: білім беру процесі мен өндірісті интеграциялау есебінен еңбек және білім беру қызметтері нарығында түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

2021-2022 жылдардағы оқу-өндірістік жұмыстың негізгі міндеттері:

1. МЖМБС талаптарына сәйкес колледждің оқу-өндірістік жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру
2. Жаңартылған нормативтік-құқықтық базаға, заманауи өндірістің, жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес оқу-өндірістік процесті әдістемелік қамтамасыз етуді өзектендіру.
3. Оқу-өндірістік процестің материалдық-техникалық базасын, сондай-ақ қауіпсіз өндірістік ортаны жетілдіру.
4. Колледж қызметінің бағыттары және мамандарды даярлаудың тиісті бейіндері бойынша пайдалы өнім өндіру, халыққа және заңды тұлғаларға қызмет көрсету бөлігінде оқу-өндірістік жұмыстың тиімділігін арттыру.
5. Өндірістік тәжірибелерді ұйымдастыру шеңберінде түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.

Оқу-өндірістік жұмыстың басым бағыттары:

1. Ұйымдастырушылық және оқу-әдістемелік жағдайларды қамтамасыз ету
2. Түлектерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етудің негізгі жолдарының бірі ретінде әлеуметтік әріптестікті кеңейту;
3. Өндірістік (кәсіптік) практиканы ұйымдастыруға әдістемелік басшылық;
4. Түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу.

Қолданыстағы МЖМБС-ға сәйкес өндірістік оқыту, технологиялық, дипломалды және өндірістік практиканы қамтиды. Практикаларды өткізу мерзімі оқу процесінің кестесімен анықталған. Практиканы ұйымдастыру және өткізу тәртібі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады. Практикалардың мазмұнын практика жетекшілері әзірлейтін жұмыс бағдарламасы айқындайды. Практиканы оның барлық кезеңдерінде ұйымдастыру МЖМБС-ны орындауға бағытталған. Мамандықтар бойынша көзделген кәсіптік қызмет түрлерінің әрқайсысы бойынша модульдер шеңберінде жүзеге асырылады. Теориялық сабақтармен кезектесіп, оқу жылы ішінде теориялық дайындыққа арналған оқу жоспарында белгіленген сағат көлемін міндетті түрде сақтай отырып және 3-4 курстарда шоғырланған – дипломалды практикамен жүргізілді. Тәжірибенің мазмұны мен нәтижелері практика бағдарламаларымен анықталды. Практиканы өткізуге кететін уақыттың жалпы көлемі, оны өту кезеңі БК бойынша білім беру бағдарламасымен анықталады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес 2021-2022 оқу жылына өндірістік оқыту бағдарламалары және оқу жоспарлары, оқу – өндірістік жұмыс бойынша іс-шара жоспарлары, өндірістік күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары әзірленіп, бекітілді.

2021-2022 оқу жылына арналған оқу, кәсіптік, технологиялық практикаларын өткізу кестелері құрылып, бекітілді.

Өндірістік-оқыту шеберлері, практика жетекшілерімен құжаттар рәсімдеу нұсқаулық – әдістемелік кеңестер өткізілді.

Дуалдық оқыту жүйені енгізу бойынша келесі мекемелермен келісім-шарттар жасалды:

1.«Орал» спорт клубы МКҚК

2.ЖШС «Аяз»

3.ЖК «Куксова Е.М»

4.Ғылыми зерттеулерді қолдау қоры

5.«Атамекен» балалар және жасөспірімдер туризмі және экология орталығы.

Аға шеберінің басшылығымен еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталауын бақылау, оқу практикасының басшыларына ҚТ бойынша нұсқама берілді. І курс оқушылары үшін «Мамандыққа арнау» шарасы дайындалып, өткізілді. Оқу жыл барысында шеберханалар рәсімделіп, шеберлер мен шеберлік сабақтарын өткізу жоспары құрылып, кесте бойынша іске асырылды.

Колледж студенттердің кәсіби деңгейлерін шындау мақсатында, кәсіби конкурстар мен жарыстар ұйымдастырылап, өткізілді.

Өткен жылғы түлектерді жұмысқа орналастыру диагностикасы құрылды.

Кесте негізінде І және ІІ семестр нәтижелері бойынша студенттерді кезең-кезеңмен аттестаттау ұйымдастырылды.

Өткен оқу жылында колледжде құрылған «Жас шеберлер мектебі» жұмысының жоспары құрылып, өндірістік оқыту шеберлерімен белсенді жұмыс атқарылды.

Пәндер аптасын бақылау, шеберлер мен студенттерді Республикалық және облыстық конкурстарға дайындау жұмыстары қолға алынып, іске асырылды.

Осы жасалған жұмыстар мен қатар келесі жұмыстарда атқарылды:

- 1.Өдірістік оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар жинағын жасау және оларды жариялауға дайындау жұмыстары;
- 2.Бітіруші топтар үшін біліктілік емтихандарға дайындық;
- 3.Бітіруші топтарда «Мамандық үздігі» конкурсын дайындау және өткізу;
- 4.Оқу өндірістік процеске жаңа технологияларды енгізу;
- 5.Әлеуметтік серіктестіктермен кездесулер ұйымдастыру;
- 6.Оқушылардың өндірістік практикадан өткізуге қаланың кәсіпорындары мен ұйымдарымен шарттар жасау;
- 7.Шеберлердің тағылымдамасымен біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;
- 8.«World Skills» Ұлттық чемпионатына дайындық және қатысу;
- 9.Оқу және технологиялық практика бойынша оқушылардың үлгерімін және оқу өндірістік жұмыстың қортындысын анықтау;
- 10.Жыл бойы жасалған оқу өндірістік қызметі бойынша талдамалар жасау.

2021-2022оқу жылындағы білім алушылардың мамандықтар бойынша бөлінісі

Мамандық	Контингент,адам					
	Барлығы	Бюджет	Ақылы	Негізгі орта білім базасында	Жалпы орта білім базасында	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі негізінде
<b>0508000</b> <b>«Тамақтандыруды ұйымдастыру»</b>	<b>337</b>	<b>337</b>	<b>0</b>	<b>336</b>	<b>0</b>	1
<i>050806 3 «технолог-менеджер»</i>	<i>337</i>	<i>337</i>	<i>0</i>	<i>336</i>	<i>0</i>	1
<b>10130300</b> <b>Тамақтандыруды ұйымдастыру</b>	<b>75</b>	<b>75</b>	<b>0</b>	<b>75</b>	<b>0</b>	0
3W10130301 «кондитер-безендіруші»	25	25	0	25	0	0
3W10130302 «аспазшы»	50	50	0	50	0	0
<b>04140100 «Маркетинг(салалар бойынша)»</b>	<b>25</b>	<b>25</b>	<b>0</b>	<b>25</b>	<b>0</b>	0
3W04140101 «сатушы»	25	25	0	25	0	0
<b>0511000 «Туризм» (салалар бойынша)</b>	<b>38</b>	<b>38</b>	<b>0</b>	<b>38</b>	<b>0</b>	0
051104 3 «Менеджер»	38	38	0	38	0	0
<b>1211000 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»</b>	<b>12</b>	<b>12</b>	<b>0</b>	<b>12</b>	<b>0</b>	0
<i>121107 2 «Модельер-пішуші»</i>	<i>12</i>	<i>12</i>	<i>0</i>	<i>12</i>	<i>0</i>	0
<b>07230100 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»</b>	<b>24</b>	<b>24</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>24</b>	0
3W07230101 «тігінші»	24	24	0	0	24	0
<b>0413000 «Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша)»</b>	<b>8</b>	<b>8</b>	<b>0</b>	<b>8</b>	<b>0</b>	0

041312 2 «Көркем заттарды тері мен жүннен жасаушы»	8	8	0	8	0	0
<b>10130100 «Қонақ үй бизнесі»</b>	<b>25</b>	<b>25</b>	<b>0</b>	<b>25</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
4S10130104 «Супервайзер»	25	25	0	25	0	0
<b>1219000 «Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі»</b>	<b>24</b>	<b>24</b>	<b>0</b>	<b>24</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
121914 2 «Наубайшы»	24	24	0	24	0	0
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>568</b>	<b>568</b>	<b>0</b>	<b>543</b>	<b>24</b>	<b>1</b>

2021-2022 оқу жылында білім алушылар құрамынан оқудан түрлі себептермен 28 студент шықты. Олардың 5-уі ұзақ уақыт сабаққа келмеуіне, 5-уі кешкі мектепке ауысуына, 7-уі академиялық демалысқа шығуына байланысты, 7-уі өздері берген өтініштері бойынша, 4-уі облыстың басқа колледждеріне ауысты. Есепті кезеңде басқа оқу орындарынан 3 білім алушы ауысып келді.

**2021-2022 оқу жылындағы білім алушылардың мамандықтар бойынша қабылдануы**

Мамандық	Контингент, адам				
	Барлығы	Бюджет	Ақылы	Негізгі орта білім базасында	Жалпы орта білім базасында
<b>10130300 Тамақтандыруды ұйымдастыру</b>	<b>75</b>	<b>75</b>	<b>0</b>	<b>75</b>	<b>0</b>
3W10130302 «аспазшы»	50	50	0	50	0
3W10130301 «кондитер-безендіруші»	25	25	0	25	0
<b>04140100 «Маркетинг (салалар бойынша)»</b>	<b>25</b>	<b>25</b>	<b>0</b>	<b>25</b>	<b>0</b>
3W04140101 «сатушы»	25	25	0	25	0
<b>10130100 «Қонақ үй бизнесі»</b>	<b>25</b>	<b>25</b>	<b>0</b>	<b>25</b>	<b>0</b>
4S10130104 «Супервайзер»	25	25	0	25	0
<b>07230100 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»</b>	<b>25</b>	<b>25</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>25</b>
3W07230101 «тігінші»	25	25	0	0	25
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>150</b>	<b>150</b>	<b>0</b>	<b>125</b>	<b>25</b>

2021 - 2022 оқу жылында қабылдау – 150 адамды құрады. Оның ішінде: "Еңбек" нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мақсатында «04140100 «Маркетинг (салалар бойынша)» мамандығы 3W04140101 «сатушы» біліктілігі бойынша - 25 адам, 10130100 «Қонақ үй бизнесі» мамандығы 4S10130104 «Супервайзер» біліктілігі бойынша – 25 адам қабылданды. Жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік тапсырыс бойынша – 100 адам қабылданды. Оның ішінде негізгі орта білім базасында – 75 және жалпы орта білім базасында – 25 адам.

2021-2022оқу жылының өндірістік-оқыту сабақтарының қорытындысы

Топ	Студент саны	Бағалар				Орта балл	% оқу үлгерімі	% Білім сапасы
		5	4	3	2			
240 «Аспаз»	23	6	11	5	а/т	4,0	96	73,9
241«Аспаз»	23	9	8	6	-	4,1	100	74
242«Аспаз»	24	23	1	-	-	4,8	100	100
243«Аспаз»	22	18	6	-	-	4,8	100	100
232 «Наубайшы»	24	23	-	-	а/т	4,9	96	96
272 «Туризм жөніндегі нұсқаушы»	23	5	5	13	-	3,7	100	43,5
291 «тігінші»	9	6	2	1	-	4,6	100	89,9

2 курстың өндірістік оқыту бойынша орташа балл - 4,4 пайызды , үлгерім - 99 пайызды, сапа пайызы - 82 пайызды құрады.

Топ	Студент саны	Бағалар				Орта балл	% оқу үлгерімі	% білім сапасы
		5	4	3	2			
340 «даяшы»	16	9	5	2		4,4	100	88
342«даяшы»	19	9	5	5	-	4,2	100	73,7
341«даяшы»	22	22	-	-	-	5,0	100	100
343«даяшы»	22	17	4	1		4,7	100	95,5
344«даяшы»	15	11	3		1	4,6	93,3	93,3
345«даяшы»	21	14	4	1	2	4,1	75,1	61,4
346«даяшы»	15	9	6	-		4,6	92	100

347«даяшы»	20	12	7	1		4,5	100	95
348«даяшы»	18	12	5	1		4,6	100	94

3 курсттың өндірістік оқыту бойынша орташа балл - 4,5 пайызды , үлгерім - 96 пайызды, сапа пайызы - 89 пайызды құрады.

### **Жыл бойы келесі іс-шаралар өткізілді:**

2021 жылдың 15 қазанында 1 курс студенттері үшін Аспаз күнін мерекелеуге арналған «Жақсы көңіл-күй рецепті» атты мерекелік іс-шарасы өткізілді.

Бағдарламада өндірістік-оқыту шеберлері мастер класстар өткізді.

2021 жылдың қараша айының 6-10 күндері аралығында Маңғыстау туризм колледжі базасында «Наубайхана ісі » құзыреттілігі бойынша WorldSkills Kazakhstan-2021 VI Республикалық чемпионаты өтті. Колледжден 4 курс студенті Наухан Мухамеджан қатысып, үздік маман номинациясымен марапатталды.

2021 жылдың қараша айының 17-20 күндері аралығында «Тамақтану және сервис колледжі» базасында құзыреттілік орталығында "Мейрамханалық сервис"құзыреттілігі бойынша WorldSkills Kazakhstan-2021 VI Республикалық чемпионаты өтті. Колледжден 4 курс студенті Мажит Жандарбек қатысып, сертификатқа ие болды.

2021 жылдың қараша айының 22-27 күндері аралығында «Алматы облыстық тамақтандыру және қызмет көрсету саласындағы инновациялық технологиялар колледжі» базасында құзыреттілік орталығында "Аспаз ісі "құзыреттілігі бойынша WorldSkills Kazakhstan-2021 VI Республикалық чемпионаты өтті. Колледжден колледж түлегі Исмайлова Луиза қатысып, үздік маман номинациясымен марапатталды.

2021 жылдың 3-15 желтоқсан аралығында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жанғыру»жобалық кеңсесімен С.Ғумаров музей-үйі және БҚО білім беру басқармасының ұйымдастыруымен, сурет және қолөнер шығармашылығын көрермен назарына ұсыну мақсатында А.Н.Островский атындағы және Х.Бокеева атындағы драма театрларында қойылым бақырысында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттерінің қолөнер шығармашылық жұмыстарынан жасақталған көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде студенттердің сәндік-қолданбалы өнер бойынша жұмыстары ұсынылды: тоқылған және инемен тесілген гобелендер, ұлттық нақышта безендірілген тұмарлар мен көйлектер, фетрден жасалған сәндік бұйымдар, былғарыдан жасалған панно, ппье-машеден жасалған кобдишалар. Сондай-ақ көкіністерден карвинг, кондитерлік өнімдерден –торттар, тәтті тоқаштар, «Ұлы дала» тақырыбында наубайшылар Арт-өнімдерін ұсынды.

2022 жылдың 11 ақпан күні колледжімізде «Мамандығының үздігі-2022» колледжішілік байқауы өткізілді. Байқауға еңбек өтілі 5 жылға дейін жас ұстаздар қатысты. Байқау мақсаты:

- Барлық деңгейдегі педагогтардың инновациялық кәсіби-мәнді тәжірибесін айқындау, тарату және олардың кәсіби шеберлігін көтеру.

- Білім беру жүйесінде оқытушының жағымды әлеуметтік және кәсіби келбетін қалыптастыру мен мәртебесін көтеру.

Байқау қорытындысы бойынша :

Бас жүлде –Сайлауов А.С

1 орын-Талапова Г.Қ

2 орын-Аубекерова А.А

3 орын-Абуова Ж.А

Колледж 2022 жылдың 2 наурызында Ирина Перминова ұйымдастыруымен "Талғаммен" үлкен шығармашылық жобаның қатысушысы болды. Өндірістік оқыту шеберлер және арнайы пәндер оқытушылары әртүрлі тағамдардан жасалған бұйымдармен жұмыс жасауда өздерінің кәсіби дағдыларын көрсетті. Бұл тағамдар жаңа кітапқа енеді, оның баспагері Ирина Перминова-халықаралық аспазшылар байқауының негізін қалаушы.

2022 жылдың 11-30 наурыз аралығында «Туризм», «Киім және сән технологиясы», «Мейрамхана сервисі», «Аспаз ісі», «Кондитер ісі», «Наубайхана шеберлігі» құзыреттіліктері бойынша WorldSkills Kazakhstan чемпионатының колледжішілік кезеңі өтті, онда 35 адамнан тұратын 2 және 3 курс студенттері қатысты. Колледжішілік чемпионатты өткізудің негізгі мақсаты-WorldSkills Kazakhstan -2022 өңірлік кезеңіне іріктеу, сондай-ақ жұмыс берушілердің нақты сұраныстарына бағдарланған кәсіптік білім берудің қажеттілігін арттыру. Сонымен қатар, мұндай жарыстарға қатысу студенттерге өздерінің дайындық деңгейлерін және оқу аяқталғаннан кейін жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік береді. Чемпионат туралы Ережеге сәйкес сараптамалық комиссиялар әр құзыреттілік бойынша жеңімпаздарды анықтады. Байқау қорытындысы бойынша жүлделі орындарға ие болған студенттер сыйлықтармен және дипломдармен, ал олардың жетекшілері сертификаттармен марапатталды.

2022 жылы 25-29 сәуір аралығында Маңғыстау туризм колледжінің «Жас маман» жобасы бойынша жабдықталған құзыреттілік орталығында «Қазақстан республикасының колледждер қауымдастығы» заңды тұлғалр бірлестігінің ұйымдастыруымен «Замануи наубайшы» шебер сыныбы өтті. Сол шебер сыныпқа біздің колледжіміздің өндірістік-оқыту шеберлері Шакенова Н.Д, Абуова Ж.Т қатысып, сертификатқа ие болды.

2022 жылдың 27 мен 29 сәуірі аралығында Нұр-Сұлтан қаласында Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі базасының құзыреттілік орталығында жыл сайын өтетін XI Жас асхана «ДелаРук-2022» фестиваліне өндірістік оқыту шебері Б.С.Мухатова , Н.Д.Шакенова және №348 «Технолог-менеджер» тобының студенті Г.Шарифова белсенді қатысты. Колледж командасы сайыс нәтижесі бойынша «Нағыз макарон, ризотто, лазанья, равиоли» категориясы бойынша жеке өнер көрсетуде күміс медалімен 2 орынға, «Мейрамхана құс етінен тағам» категориясы бойынша жеке өнер көрсетуде қола медалімен 3 орынға, «Алтын шебер-2022» номинациясы бойынша диплом және «Өнер классы» номинациясы бойынша алғыс хатқа иеленді.

2022 жыл «Балалар жылы» деп жариялануына орай мектеп оқушыларының арасында мамандық таңдаудағы қызығушылығын арттыру, іскерлік қабілеттерін дамыту, жас ұрпаққа кәсіби бағдар беру мен әр түрлі мамандықтардың сан-қырлы жақтарымен іс жүзінде жақынырақ таныстыру мақсатында 2022 жылдың 27-28 сәуір күндері Білім басқармасы мен білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен «JuniorSkills ORAL-2022» чемпионаты өткізілді. Чемпионатқа 4 құзыреттілік бойынша 7 қалалық мектептерден – 31 қатысушы өз кәсіби құзыреттіліктері бойынша шеберліктерін көрсетті. Екі күнге созылған чемпионаттың қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, білім басқармасының дипломдары мен сертификаттарымен марапатталды.

«Аспаз ісі» құзыреттілігі бойынша

1 орын – Махмудова С (17ЖОББМ)

2 орын – Исакова Э (30ЖОББМ)

3 орын – Жаксымбетов И (44 ЖОББМ)

«Кондитер ісі» құзыреттілігі бойынша

1 орын – Аманжол Г (30ЖОББМ)

2 орын – Пясецкий И (9ЖОББМ)



3 орын – Сарсенгали А (5 ЖОББМ)

«Наубайшы шеберлігі» құзыреттілігі бойынша

1 орын – Сладкова А (23ЖОББМ)

2 орын – Купболсынова Д (30ЖОББМ)

3 орын – Ерлан Д(5 ЖОББМ)

«Туризм» құзыреттілігі бойынша

1 орын – Тастаева А(17ЖОББМ)

2 орын – Буянов Л (30ЖОББМ)

3 орын – Жанбырбаева Н (21 ЖОББМ)

2022 жылдың 29 сәуір күні «Сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша «JuniorSkills ORAL-2022» чемпионаты өткізілді. Чемпионаттың қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталды:

1 орын – Салауат М (47ЖОББМ)

2 орын – Қонысбай Н (47ЖОББМ)

3 орын – Абуталап Х(12 ЖОББМ)

2022 жылдың 6 мамыр күні «Аспаз ісі» құзыреттілігі бойынша «BabySkills ORAL-2022» чемпионаты өткізілді. BabySkills - мектеп жасына дейінгі балаларға арналған WorldSkills бағыты бойынша чемпионат. «BabySkills ORAL-2022» чемпионатында мектеп жасына дейінгі 11 бүлдіршін қатысып, 1 модуль бойынша өнер көрсетіп, номинацияларға ие болды.

2022 жылы 9-13 мамыр аралығында Маңғыстау туризм колледжінің «Жас маман» жобасы бойынша жабдықталған құзыреттілік орталығында «Қазақстан республикасының колледждер қауымдастығы» заңды тұлғалр бірлестігінің ұйымдастыруымен «Замануи кондитер» шебер сыныбы өтті. Сол шебер сыныпқа біздің колледжіміздің өндірістік-оқыту шеберлері Шарипова А.С, Мусина Д.Э және 3 курс студенттері Вовик А, Сорокин Р қатысып, сертификатқа ие болды.

2022 жылдың 23-26 мамыр аралығында «WorldSkills Kazakhstan Oral-2022» аймақтық чемпионаты өтті. Аталған чемпионатқа колледжден 6 құзыреттілік бойынша 20 студент қатысып, келесі нәтижелерге қол жеткізді:

**«Аспаз ісі» құзыреттілігі бойынша:**

2 орын – Мартяхин Андрей, №240 топ, жетекшісі Н.Я.Никитина

**«Кондитер ісі» құзыреттілігі бойынша:**

1 орын – Вовик Ангелина, №348 топ, жетекшісі Д.Э.Мусина

2 орын – Сорокин Роман, №342 топ, жетекшісі А.С.Шарипова

**«Наубайшы шеберлігі» құзыреттілігі бойынша:**

1 орын – Наухан Мухамеджан, №443 топ, жетекшісі Н.Д.Шакенова

2 орын – Болесова Яна , №232 топ, жетекшісі Г.Е.Акапова

3 орын – Водениктова Дарья , №232 топ, жетекшісі Ж.А.Конысбаева

**«Киім және сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша:**

2 орын – Макарова Юлия , жетекшісі М.Б.Имангалиева

3 орын – Галиуллина Дильназ , жетекшісі Г.С.Суюнова

**«Туризм» құзыреттілігі бойынша:**

1 орын – Нәсіпқали Гүлзат, №447 топ, жетекшісі В.Б.Бекесова

2 орын – Амангельдиева Назерке , №447 топ, жетекшісі А.Ибрагимов

3 орын – Домницкий Дмитрий , №272 топ, жетекшісі С.К.Бисемалиев

## **«Мейрамхана сервисі» құзыреттілігі бойынша:**

1 орын – Дәрібай Мирас, №341 топ, жетекшісі Х.С.Дюсенғалиева

2 орын – Ермекқалиев Ернар, №345 топ, жетекшісі Б.С.Мухатова

3 орын – Ғарифолла Бекжан , №341 топ, жетекшісі Ш.А.Науан

Өндірістік практикадағы маңызды бағыттардың бірі өндірістік демонстрациялық емтиханға аттестаттаудың қорытынды нысаны ретінде. WorldSkills Kazakhstan стандарттары бойынша демонстрациялық емтихан-кәсіптік білім беру ұйымдарының кәсіптік орта білім беру бағдарламалары бойынша түлектерді мемлекеттік қорытынды аттестаттау нысаны: - Білім алушылардың кәсіби біліктері мен дағдыларын көрсету үшін нақты өндірістік жағдайларды модельдеу; - тапсырмалардың, оның ішінде жұмыс берушілер қатарындағы сарапшылардың орындалуын тәуелсіз сараптамалық бағалау; - халықаралық талаптарға сәйкес білім алушылардың білім деңгейін, іскерлігін және дағдыларын анықтау. Демонстрациялық емтихан білім алушылардың белгілі бір салада кәсіби қызметті жүргізуіне және WorldSkills Kazakhstan стандарттарына сәйкес мамандық бойынша жұмысты орындауына мүмкіндік беретін білім, білік, дағды деңгейін анықтау мақсатында өткізілді.

2022 жылдың 24 маусым күні 0508000 "Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу"

мамандығы бойынша №19 топтан 10 білім алушы "Сән технологиясы" құзыреттілігі бойынша демонстрациялық емтихан өтті. Демонстрациялық емтихан тапсырмасы «Әйел көйлегін өңдеу». Жұмыстың күрделілігіне байланысты модульге 6 сағ берілді. Бұйымдарды сарапшылар тексеріп, қорытынды баллдар қойылды.

Білім алушыларды бағалау мақсатында жұмыс берушілер қатарындағы сарапшылар болды:

Нургалиев М.И - «МЕКО» дизайн студиясының жетекшісі

Шарина В.Н - «Алтын Алма Стиль» тігін фабрикасының технологы

Сарманбекова С.Т - «Айкөркем» ательесінің меңгерушісі.

Студенттер айтарлықтай жоғары нәтижелер көрсетті: оқу үлгерімі мен көрсетілім сапасы – 100%. WorldSkills Kazakhstan стандарттары бойынша демонстрациялық емтихан нәтижелері бойынша барлық емтихан тапсырушылар құзыреттер паспортын (Skills Passport) алды.

2022 жылы 4-8 шілде аралығында Маңғыстау туризм колледжінің «Жас маман» жобасы бойынша жабдықталған құзыреттілік орталығында «Қазақстан республикасының колледждер қауымдастығы» заңды тұлғалр бірлестігінің ұйымдастыруымен «Замануи аспаз» шебер сыныбы өтті. Сол шебер сыныпқа біздің колледжіміздің өндірістік-оқыту шеберлері Мухатова Б.С, Тасанова М.Н қатысып, сертификатқа ие болды.

### 2021-2022 оқу жылының түлектері

Топ	Мамандық	Студенттер саны	Диплом	Үздік диплом	Жоғары разряд	Белгіленген разряд	Анықтама
441	технолог-менеджер	13	13	0	-	-	0
442	технолог-менеджер	16	15	1	-	-	1
443	технолог-менеджер	20	17	3	-	-	0
471	менеджер	14	14	0	-	-	0
261	Көркем заттарды тері мен жүннен жасаушы	8	8	0	-	-	0
291	тігінші	3	3	0	-	3	0
19	тігінші	18	16	2	1	17	0
240	аспаз	9	9	0	-	9	0
241	аспаз	6	6	0	-	6	0
242	аспаз	3	3	0	-	3	0
243	аспаз	5	5	0	-	5	0
340	аспаз	1	1	0	-	1	0
341	аспаз	8	8	0	-	8	0
342	аспаз	2	2	0	-	2	0
343	аспаз	8	8	0	-	8	0
344	аспаз	5	5	0	-	5	0
345	аспаз	3	3	0	-	3	0
346	аспаз	3	3	0	-	3	0
347	аспаз	11	11	0	-	11	0
348	аспаз	5	5	0	-	5	0
272	Туризм жөніндегі нұсқаушы	9	9	0	-	-	0
	<b>Барлығы:</b>	<b>170</b>	<b>164</b>	<b>6</b>	<b>1</b>	<b>89</b>	<b>1</b>